



КЕЛІСІЛДІ
«Жол-көлік колледжі» МКҚК
директоры
 Г. Ү. Исақова
« 06 » 01 2022ж.

БЕКІТЕМІН
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
 Х. А. Сарсенов
« 06 » 01 2022ж.

**«Жол – көлік колледжі» МКҚК-ның Қамқоршылық кеңесінің
2022 жылына арналған жұмыс
ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын құру.	Қаңтар, 2022ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің I мәжілісін өткізу.	Қаңтар, 2022ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
3	Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің бағыттары мен мақсаттарын таныстыру.	Қаңтар	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
	Білім беру ұйымының 2021-2022 оқу жылының II жартыжылдығында атқарлатын іс-шаралар жоспарымен танысу.	Қаңтар	Білім беру ұйымының басшысы
4	Білім беру ұйымының 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен және 2020-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясымен танысу.	Қаңтар	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
5	Білім беру ұйымының күнделікті қызметімен танысу (жайлы, қауіпсіз жағдай жасау, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, тәрбие бағыты бойынша іс-шаралар өткізуге көмек көрсету, колледж психологы мен әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып, тәуекелге бейім студенттермен әңгіме жүргізу.	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
6	Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасындағы «Жас маман» жобасы шеңберінде алынған құрал-жабдықтарды мақсатты пайдалануын қадағалау	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
7	Жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар туралы ақпараттық мәліметтер алып отыру және білім алушылардың құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
8	Білім беру қызметінің сапасын қадағалау.	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
9	Колледжді бітіруші топтардың Диплом қорғау және Диплом беру рәсімдеріне қатысу.	Ақпан, маусым 2022ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
10	Наурыз мерекесін өткізуге арналған іс-шарада әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасылардан шыққан және жетім, жартылай жетім студенттерге көмек көрсету шараларын ұйымдастыру	Наурыз, 2022ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
11	Колледж жатақханасында орналасқан білім	жыл бойы	Қамқоршылық

	алушылардың тұрмыс жағдайын бақылау.		кеңестің төрағасы және мүшелері
12	«Тәрбие басы – тал бесік» топ жетекшілер апталығында іс-шараға қатысу.	Сәуір, 2022ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
13	Колледжде білім алушылар арасында дәстүрлі түрде өтетін «Кәсіп үздігі» байқауына қатысу.	Сәуір, 2022ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
14	Қамқоршылық кеңестің ІІ мәжілісін өткізу.	Мамыр, 2021ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
15	Білім беру ұйымында өтетін ата-аналар жиналыстары мен қоғамдық тыңдалымдарға қатысу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
16	Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
17	Колледж базасында «WorldSkills Kazakhstan» ұлттық қалалық чемпионатында «Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету», «Шанақ жөндеу» күзінеттіліктері бойынша өтетін байқаудың нәтижесімен танысу.	мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
18	Колледждегі білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына сондай-ақ қорғаншылық(қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруға бөлінген қаржыны қадағалау.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
19	Колледжде оқытылатын негізгі мамандықтар мен жұмысшы кәсіптерін таныстыру және жарнамалау мақсатында PR-наукан өткізуге атсалысу.	Мамыр-маусым	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
20	Колледждегі жұмысшы мамандықтары бойынша бітіруші студенттерге арналған WorldSkills тәсілі негізінде практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихандарға қатысу.	Маусым	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
21	Колледж бітіруші түлектерінің жұмысқа орналасуларын бақылап отыру	Маусым-шілде	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
22	Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - NEET санатындағы жастарды колледжге тарту мәселесіне атсалысу.	тамыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
23	Қамқоршылық кеңестің ІІІ мәжілісін өткізу.	Қазан, 2022ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
24	"Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы аясында студенттерді бүкіл адамзаттың рухани байлығы мен мәдениетін білуге, түсінуге ықпал ететін барлық қалалық, колледжішілік іс-шараларға қатысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері

25	Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру мақсатында білім беру ұйымының психологі мен әлеуметтік педагогімен бірлесе отырып, дөңгелек үстел ұйымдастыру.	қараша	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері, колледж психологі мен әлеуметтік педагогі
26	Бюджеттік қаражаттың жұмсалуды мен ашықтығының қамтылуын бақылап отыру.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
27	Колледжде "Білім-инновация" лицейлерінің тәжірибесі негізінде колледж бен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын қалыптастыру мақсатында колледжде оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жаңалықтармен бөлісу мақсатында «Ашық іс-шаралар» өткізуді ұйымдастыруға атсалысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
28	Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері
29	Қамқоршылық кеңестің VI мәжілісін өткізу.	Желтоқсан, 2022ж.	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
30	Білім беру ұйымының жұмыс жоспары бойынша 2021-2022 оқу жылының қорытындысы. II жарты жылдықта алға қойған мақсаттар мен міндеттер	Желтоқсан, 2022ж.	Білім беру ұйымының басшысы
31	Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушыларға көрсетілген қамқорлық пен көмектерді саралау	Желтоқсан, 2022ж	Қамқоршылық кеңестің төрағасы және мүшелері., әлеуметтік педагог

**«Жол – көлік колледжі» МКҚК-ның 2022 жылына арналған
Қамқоршылық кеңес отырысының жоспары**

I отырыс, қаңтар 2022ж.

1. Қамқоршылық кеңестің I отырысын өткізу және 2022 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. *Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы*
2. Білім беру ұйымының 2021-2022 оқу жылының II жартыжылдығында атқарылатын іс-шаралар жоспарымен танысу. *Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы*
3. Жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар туралы ақпараттық мәліметтер алу және білім алушылардың құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу туралы. *Жауапты: Білім беру ұйымының педагог-психологі, әлеуметтік педагогі*
4. Колледж жатақханасында орналасқан білім алушылардың тұрмыс жағдайын бақылау туралы. *Жауапты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері және ДТІЖО Б.Р.Ешимов*
5. Әр түрлі мәселелер

II отырыс, мамыр 2022ж.

1. "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - НЕЕТ санатындағы жастарды колледжге тарту және жалпы орта білім беретін қала мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мәселелері туралы.
Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы және Қамқоршылық кеңес мүшелері
2. Колледждегі білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруға бөлінген қаржы мәселесі туралы
Жауапты: Білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі
3. Бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалуды мен ашықтығының қамтылуы жөнінде мәліметтермен танысу. *Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы*
4. Колледждегі жұмысшы мамандықтары бойынша бітіруші студенттерге арналған WorldSkills тәсілі негізінде практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихандарды өткізуге дайындық мәселесі
Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы
5. Әр түрлі мәселелер

III отырыс
қазан, 2022ж.

1. Білім беру ұйымының 2022-2023 оқу жылының II жартыжылдығында атқарылатын іс-шаралар жоспарымен танысу. *Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы*
2. Жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, сонымен қатар девиантты мінез-құлықты (тәуекелге бейім) білім алушылар туралы ақпараттық есеп. *Жауапты: Білім беру ұйымының педагог-психологі, әлеуметтік педагогі*
3. Колледждегі тәрбие бағыты бойынша ағымдағы және жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру мәселесі
Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. Білім ордасында оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру мақсатында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы
Жауапты: Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Дабылова
5. Бітіруші топтардың дипломдық жобаларын қорғау нәтижесі және олардың жұмысқа орналасуы туралы мәліметпен танысу. *Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы*
6. *Әр түрлі мәселелер*

VI отырыс
желтоқсан, 2022ж.

1. Білім беру ұйымының жұмыс жоспары бойынша 2021-2022 оқу жылының қорытындысы. II жарты жылдықта алға қойған мақсаттар мен міндеттер
Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы
2. Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушыларға көрсетілген қамқорлық пен көмектерді саралау мәселесі
Жауапты: Білім беру ұйымының педагог-психологі, әлеуметтік педагогі
3. Білім беру ұйымында оқытылатын мамандықтарға сәйкес білім алушыларды өндірістік, дипломалды, т.б. тәжірибелік машықтанудан өткізу үшін әлеуметтік серіктестермен келісім-шартқа түру мәселесі
Жауапты: Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Н.Баймұратов
4. Оқу кабинеттері мен зертханалардың, оқу-өндірістік практикасын өткізу аймағының материалдық-техникалық жабдықталу және сақталу деңгейі туралы
Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы
5. *Әр түрлі мәселелер*

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезекті мәжілісі

Хаттама № 1

27.01.2022ж.

Шымкент қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажобекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директоры Г.Ү.Искакова және директордың ТІЖ орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстыру.
Жауапты: Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2. Білім беру ұйымының 2021-2022 оқу жылының ІІ жартыжылдығында атқарылатын іс-шаралар жоспарымен танысу. *Жауапты: Білім беру ұйымының басшысы*
3. Жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар туралы ақпараттық мәліметтер алу және білім алушылардың құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу туралы. *Жауапты: Білім беру ұйымының педагог-психологі, әлеуметтік педагогі*
4. Колледж жатақханасында орналасқан білім алушылардың тұрмыс жағдайын бақылау туралы.
Жауапты: ДТДЖО Б.Р.Ешимов
5. Әр түрлі мәселелер

1. Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері мен білім беру ұйымының тарапынан қатысып отырған колледж басшысы мен педагогикалық кеңес мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен бірге білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

- білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға;

- Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізуге;

б) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысуға;

- білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысуға, білім беру ұйымының психологын қатыстыра отырып, олармен әңгіме жүргізуге Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі бар екендігі және білім беру ұйымдарының (құрылымдық бөлімшесі) қызметкерлері Қамқоршылық

кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттарды ұсынуға ықпал ететініне тоқталып өтті.

2.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша колледж директоры Г.Ү.Искакова колледждің жұмыс жоспарына сәйкес 2022 жылы атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыт-бағдарларымен таныстыра отырып, орындалу барысына тоқталды.

Қазіргі таңда колледждегі оқушылар контингенті 1451 баланы құрайтынын, I курс – 323, II курс – 495, III курс – 344, IV курс – 289 студенттің білім алатынын, оқу процесі 2022 жылдың 5 қаңтарда еліміздегі жарияланған төтенше жағдайға байланысты барлық топтар 24 қаңтарға дейін қысқы демалыс болып өзгертілгенін, Шымкент қаласы бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 4 қаңтардағы №1 қаулысына және ҚР БЖҒМ бұйрығына сәйкес 24 қаңтардан бастап білім алушылар аралас форматта оқып жатқанын айтып өтті. Сонымен қатар III- IV курстарда кестеге сәйкес курстық жұмыстар мен емтихандық сессия жүргізіліп жатқанын, ДОЖ орынбасары, бөлім меңгерушілері және офицер-комплаенс және пән оқытушыларынан тұратын комиссия мүшелері бақылап отыратынын, 27.01.2022ж. күні бітіруші ДМ 091 тобы студенттері диплом жұмыстарын қорғайтынын айтып өтті.

2022 жылдың сәуір айында PIZA Халықаралық зерттеу жобасы аясында 15 жастағы студенттер функциональдық тест тапсыратынын, соған байланысты дайындық жұмыстарының жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Сонымен қатар жыл сайын өткізілетін «WorldSkills» өңірлік чемпионатына колледж студенттері үш күзiреттiлiк бойынша қатысатынын, өңірліктен жүлдегер атанған студенттер республикалық деңгейде өтетін чемпионатқа жіберілетінін айта келе, алда өткізілетін іс-шараларға тоқталып өтті. Оқытушылардың шығармашылығын, салауатты өмір салтын ұстану дағдысын арттыру мақсатында «Таным-өнер-спорт» байқауы, арнайы пән оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлерінің арасында «Кәсіп үздігі» байқауы және студенттер арасында «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» байқаулары, сондай-ақ сәуір айында топ жетекшілер бірлестігінің «Тәрбие басы-тал бесік» апталығы өткізілетінін айтып өтті. (баяндама тіркелді).

3.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі келесі мәселе - әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуға қолдау жасау және көмек көрсету бойынша колледждің әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова сөз алып, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздері мен түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес, екінші жарты жылдыққа колледж бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың тізімін жасақталғанын айтып, төмендегі мәліметтермен арнайы слайд арқылы таныстырып өтті.

Көп балалы отбасынан шыққандар	526 оқушы
Аз қамтылған және толық емес отбасының шыққандар	63 оқушы
Жетім балалар	20 оқушы
Қамқоршысы бар	18 оқушы
Жас өспірімдер үйінде	1 оқушы
Барлығы	609 оқушы

Сонымен қатар қамқорлықтағы оқушылардың отбасылық және тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында колледждің педагог-психологімен бірге тұрғылықты мекен-жайларына барып, әлеуметтік жағдайымен танысып қайтқандары жөнінде айтып өтті.

4.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Ешимов колледж жатақханасында орналасқан білім алушылардың тұрмыс жағдайы туралы мәлімет беріп өтті. Колледждің Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі 75а үйде орналасқан жатақханасына республикалық “Жол картасы” бағдарламасы бойынша 100 067,0 млн қаржы бөлініп, 2020 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жатақхананың санитарлық техникалық құбырлары түгелдей ауыстырылып, жаңа үлгідегі жиһаздармен жабдықталынды. Кір жуу, жуыну бөлмелері қайтадан жабдықталынып, соңғы үлгідегі тұрмыстық техникалармен жабдықталды. Жатақхана алды темір торлармен қоршалып, ескі жаяу жүргіншілер жолының үстіне жаңадан тротуар плита төселіп, ескі қураған ағаштар алынып, топырақпен тегістеліп, 50 дана шырша ағаштары және газондар егілді. Студенттердің салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндіктер жасау мақсатында арнайы жаттығу залы ашылып, қазіргі заманға сай қажетті спорттық құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар «QR-кодталған кітаптармен жұмыс жүргізу» тәсілімен кітапты қалай оқу қажеттігі таныстырылғанын, сабақ оқуға барлық мүмкіншіліктің жасалғанын, жатақханада тұратын студенттердің жағдайы арнайы кестеге сәйкес кезекшілер күнделікті бақылауда ұстайтынын айтып өтті.









5.Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.


Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Білім беру ұйымы басшысының жасаған баяндамасы ескерілсін.
3. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогі жасаған мәліметі негізінде әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуы мен тұрмыстық жағдайы үнемі бақылауға алынсын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысы*
4. Қамқоршылық кеңестің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін.


Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Арғынғазиев Бауыржан Батырғазыұлы 
2. Қамбар Жани 
3. Жүсіпбек Бағдат Жәнібекұлы 
4. Баймұратов Мусирали Нуранбаевич 
5. Тулеева Салтанат Амирхановна 
6. Абусейтова Самал Бурхановна 
7. Абдыхалилова Мукаддам Пардаевна 
8. Дабылова Марал Алдабергенқызы 

Мәжіліс төрағасы

 Х.А.Сарсенов

Хатшы:

 Г.С.Тажобекова